

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫН, ЭТНОГРАФИЯСЫН МЕН ӘДЕБИЕТІН ТҰҢҒЫШ ЗЕРТТЕУШІ-ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВ»

Миралиева Диана Нұрмуқан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Жандос Абдазимович Байзақов**

Аннотация: Қазақтың білгір ғалымы, батыл саяхатшысы, қазақ тарихын, этнографиясын және әдебиетін тұңғыш зерттеуші - Шоқан Уәлихановтың қысқаша өмірі, қазақ пен қырғыздың әдебиет теориясы мен фольклоры туралы жазған ғылыми еңбегі, қазақтың демократтық санын бастаушы кезеңдегі ілгерішіл дәстүрі, қазақтың әдебиеті мен мәдениетін орыс жұртшылығына алғаш танытуы, атқарған қызметі және сіңген еңбегі жайында сөз өрбиді.

Кілтті сөздер: Аққан жұлдыз, абзал тұлға, ғылым көкжиегі, құнды еңбектер, хандық құрған адамдар, беделді, мұсылманша хат, әскери оқу орны.

«THE FIRST RESEARCHER OF KAZAKH HISTORY, ETHNOGRAPHY AND LITERATURE - SHOKAN CHINGISOVICH VALIKHANOV»

Abstract: A short biography of Shokan Valikhanov, the first researcher of kazakh history, ethnography and literature. The kazakh-kyrgyz literature theory and folklore, the progressive tradition spearheading the kazakh democratic census, the first presentation of kazakh literature and culture to the russian public, his work and outstanding work are discussed.

Key words: Bright star, a dishonest person, the horizons of science, valuable works, people who created a khanate, authoritative, muslim letter, military educational institution.

Шығысты зерттеу әлемінің аспанынан, қазақ хандарының ұрпағы,
орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы
Уәлиханов Аққан жұлдыздай зымырап өте шықты.

Н.И.Веселовский

Кіріспе бөлім: Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында туған, қазақ ұлтының абзал тұлғасы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еді. Ол өзінің қысқағана ғұмыры барысында, қазақтың әр алуан ғылым көкжиегінде өшпес із қалдырған, еңбегі ереулі, қазақ ұлтының мәңгі жарық жұлдыздарының бірі атанды. Тарихта өз есімін тайға таңба басқандай, мәңгі ұмытылмастай етті. Ағартушылық мәдениеттің талантты өкілі Шоқан Уәлихановтың тарих, фольклор, экономика, этнография, философия, әдебиет теориясы жайлы құнды еңбектері мен пікірлері ұлттың тұтас құндылығына тұрарлық. Жастайынан зеректе зейінді, қабілетті тұлға болып қалыптасқан Шоқан Уәлиханов өз ұлтына керектігін, қазақ ұлтының сол кезеңде өзі секілді тұлғаларға мұқтаждығын байқаған, ұлтының абзал перзенті еді. Ғалым қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиет теориясы үшін белсене қызмет атқарды, көп еңбектенді, ел қамын жеп, шекен зардабыда болды. Соның нәтижесінде қазақ ұлтшылығына көп үлес қосты, қазақ ұлтының аққан жұлдызына айналды.

Негізгі бөлім: Шоқан (Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қараша айында кәзіргі Қостанай облысы Құсмұрын бекінісінде туылған. Жастық шағы Сырымбетте өткен. Шоқан Уәлихановтың шыққан ортасына келер болсақ, қазақтың хан-сұлтан төре тобы. Әкесі – Шыңғыс Омск әскери оқу орнын бітірген, орысша сауатты, офицерлік чині бар адам болған. Ал атасы Уәли мен әжесі Айғаным хандық құрған адамдар. Арғы аталары тарихқа белгілі - Абылай

хан болған. Шоқан осындай беделді отбасынан шыққан перзент. Сол себепті Шоқанның оқуға мүмкіндігі болған. Ол жастайынан ауыл мектебінде мұсылманша хат таныған. Он жасқа толғанында әкесі Омскідегі кадет корпусына (әскери оқу орны) оқуға жібереді. Алғаш келгенде орыс тілін білмейтін, ауылдың қара -домалақ баласы болады. Өзінің зеректігінің арқасында, аздаған уақыттың ішінде орыс тілін меңгеріп, өзімен қатарластар ішінде алды болады. Сол жердегі оқытушылардың өзі Шоқанның ерекше қабілетке ие екенін байқап, ерекше ықыласпен өзінің шәкірттері етеді. Бұл оқу орны Шоқанның озық ойлы ойшыл, батыл саяхатшы, әрі тарихшы, әдебиетші болуына зор ықпалын тигізеді. Әсіресе оған орыс тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің оқытушылары Костылеский, Гонсевский секілділердің ықпалы ерекше. Осы ұстаздарының арқасында Шоқан әлем әдебиетінің озық үлгілерін меңгере алады. Өзінің қабілетімен көптің назарын аударған Шоқанды бірге оқыған досы этнограф ғалым Т.Н.Потанин былай сипаттайды – «Корпуста ой өрісі білім жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарынан озып отырды, оған талайлар-ақ назар аударды, ол сондай қабілетті еді, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да білім идея жағынан басып озды».

Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде тың қырлы, ұлт үшін қажетті еді, сол себепті сол кездегі ірі тұлғалардың өзі назар салып отырды. Осындай ғажаб еңбектерінің арқасында Шоқанды жұрт таныды, өйткені сол кезеңде жасалған жұмыстары бағалауға мақтан тұтарлықтай еді. Қазақ ұлтына өзін қарыздар деп білген Шоқан Уәлиханов алғаш қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры болды. Шын мәнінде Шоқанның зертеушілікке қызығуы корпуста оқып жүргенде байқалады. Осы бет алысымен Шоқан көптен күткен көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.Н.Брезинмен 1852 жылы танысады. Профессор Шоқанның жинаған еңбектерімен яғни қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерімен танысып шығады. Жәнеде Шоқан Уәлихановтың қабілетіне танданып, оған ескі жазу ескерткіштерін зерттеу жұмысын ұсынады. Бұл ұсыныстан бас тартқан Шоқанды басқа бір дүние

қызықтырып жүрген еді. Ол оқудан тыс уақытында саяхатшылар өмірі, іс әрекеттері туралы жазылған шығармалармен танысып, өзін саяхатшы тұрғысынан танып көргісі келеді. Осылайша, ол Орта Азияны зерттеуді өзіне мақсат етеді. Соның нәтижесінде Шоқан Уәлиханов 1856 жылы Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай өлкелерін зерттеп, сол өлкелерде жасаушы халық тарихын, діни сенім-нанымын, әдет-ғұрпы жайында көптеген мәліметтер жинап, сол жылы «Тәңір (Құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбектерін жазады. Араға бір жыл салып Шоқан Уәлиханов Қырғыз экспедициясына қатысып зерттеу жұмыстарына өзінің үлкен үлесін қосады. Зерттеу барысында қырғыздар және ұлы жүз қазақтарының тарихы, этнографиясы жайында мәліметтер жинап, бірнеше ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алады. Шоқан Уәлихановтың келесі зерттеу сапары 1857 жылы Құлжа қаласында болып өтеді. Бұл қалада саяхатшы Жоңғария тарихымен шұғылданады. Осы жылы саяхатшы қайта қырғыз елінде болады. Көптеген ізденістер нәтижесінде Шоқан Уәлихановтың «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жоңғария очерктері», «Қазақ халқының поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы» атты еңбектерін жазып шығады. Сонымен қатар, Шоқан Уәлихановтың аса бағаланған туындыларына айналды. Шоқан тек қазақ әдебиетімен ғана емес қырғыз әдебиетінде өркендеуіне өзінің үлкен үлесін тигізді. Мәселен, ол қырғыз халқының «Манас», «Семетей» дастандарының біраз тарауын тұңғыш орыс тіліне аударып, ғылыми тұрғыдан толық әдеби тарихи талдаулар жасады. Сонымен қатар, бірінші рет баспаға ұсынды. Соның нәтижесінде бұл қырғыз шығармалары әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен теңдес, аса құнды туынды ретінде бағаланған. Шоқан Уәлиханов ізденіс жолын жалғастыра берді, бірақ өкінішке орай сол өкпе ауруы қайта қайта қозып, ізденіс жолынды үзілістер пайда болып тұрды. Біршама үзілістен кейін Шоқан ағартушылық жолына қайта түсіп, көптегенген зерттеулерді жүргізді. Ыстықкөл сапарында бірге болған ғалым Семенов Тянь Шанскийдің

ұсынысымен 1857 жылы 17 ақпанда орыс география қоғамының толық мүшелігіне сайланды. Бұл дегені орыс ғалымының жас ғалым еңбектерін зор бағалағандығы, ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін мойындағандығы екенінің дәлелі. Бұл жағдай Шоқанды шабыттандыра түскендей, өйткені, 1858-1859 жылдары «Жарық жұлдыз», «Қашқария сапары» атты еңбектері оны ғылыми-зерттеушілік, ағартушылық саласында жаңа биікке көтерді. Ізденістен кейін ізденіс, нәтижеден кейін нәтиже демекші, Шоқан Уәлихановтың тағыда бір жемісі, 1870 жылы Петербургте жарық көрген еңбектері болды. Олар «Алты шаһардың немесе Қытайдың Хан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы», «Адольф Шлагинтвейттің өлімін әкелген жағдайлар туралы мәліметтер», «Жоңғария очерктері» еді. Қазақтың жас ғалымы мұнымен шектелмеді және көптеген еңбектер жазды. Ең бастысы халқының абзал перзенті, ұлтының ұлтшылығына үлес қоса алды. Дауасы жоқ дертін кесірінен ұлтының жарық жұлдызы 1865 жылы сәуір айында келместің кемесіне кетті.

Қорытынды бөлім: Әр ұлттың ғажаб, талантты тарихи тұлғасы болатынындай, қазақ ұлтының біртуары, талантты, тарихи тұлғасы Шоқан Уәлиханов еді. Өз заманында жарқырап шығып, сол кезеңнің тұңғыш ғалымы атанды. Қазақ халқының ой дүниесінде аз жасап, көп істі тындырған дара тұлға Шоқан Уәлиханов халқымыздың ғажаб ақыл ойшылы, дүние жүзі ғылымында өзіндік орны бар ірі тұлғасы болды. Сонымен қатар, отыз жылдық өмірінде бұған дейін зерттелмеген немесе кейбір тұстары ғана ашылған көптеген саяси тақыраптарды ашып, биік тұлғаға айналды. Қазақ ұлтының басты мәселесіне айналған қазақ шежіресін жазып шықты. Өзі өлседе, аты өлмейтіндей етіп өмір сүрді. Осылайша, ұлт ұрпағының жүрегінен өшпейтін орын иеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ (REFERENCES)

1. Қ.Сүйіншалиев «Қазақ едебиетінің тарихы» Алматы 2006 ж.
2. Б.Тоғысбаев «Тарихи тұлғалар» Алматы 2009 ж.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл

